



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№33 (1945) 30 ҚЫРКҮЙЕК 2024 ЖЫЛ

Жоғары білім қызметкерлерінің жауапкершілігі зор

Құрметті университетіміздің
оқытушы-профессорлары,
қызметкерлері мен жас ғалымдары!

Сіздерді 1 қазан – Қазақстан Республикасының жоғары білім қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Жоғары білім – еліміздегі ғылым мен білімді дамытуға айрықша ықпал ететін, қоғамның әр саласына білікті кадрлар даярлайтын үлкен қозғаушы күш.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы жолдауында: «Экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті міндет. Үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту керек. Бәріміз бір ел болып, әділетті және дамыған Қазақстанды бірге құрайық. Сонда әркім өз елінің кірпіші болып қаланып, арман-мұратына жете алады», – деп алдымызға ауқымды міндеттер қойып отыр. Бұл мақсаттарды іске асыруда жоғары оқу орындарында қызмет атқарып жүрген оқытушы-профессорларға, қызметкерлер мен жас ғалымдарға ерекше жауапкершілік жүктелуде.

Биыл 90 жылдық мерейлі белеске көтерілген университетіміз жастарға сапалы білім беруде, университеттік ғылымды дамытуда ілгері қадамдар жасап келеді. Қазіргі уақытта ҚазҰУ-да 3000-дай оқытушы-профессор табысты еңбек етуде. Олардың қатарында ҚР ҰҒА 11

академигі, ҚР Жоғары мектебінің 3 академигі, ҚР Жоғары мектебі Ғылым академиясының 8 академигі, 7 ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі бар. Сондай-ақ 603 PhD доктор, 736 ғылым кандидаты, 500 «ЖОО үздік оқытушысы» грантының жеңімпаздары жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ ғалымдары құны 32 млрд теңгені құрайтын 394 жобаны жүзеге асыруда. Өткен оқу жылындағы көрсеткіш бойынша Scopus журналында университет ғалымдарының 13 475 жарияланымы жарық көрді. Қазіргі таңда білікті оқытушы-профессорларымыз 16 факультетте 600-ге жуық білім бағдарламасы бойынша дәріс беруде. Жоғары білім саласы жаңа, әділетті Қазақстанды қалыптастыруда, ұлттық экономиканы жаңғырту ісінде аса маңызды рөл атқаруға тиіс.

Биыл бірінші рет аталып өткелі отырған жаңа кәсіби мерекеде сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Ғылым жолында жаңа жетістіктерге жете беріңіздер!

**Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы
– Ректор
Жансейіт
ТҮЙМЕБАЕВ**



Салтанатты түрде студенттер қатарына қабылданды

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық универси-
тетінде бірінші курс
студенттерін қатарға
қабылдау шарасы өтті.**

Еліміз бойынша рекордтық көрсеткіш орнатып, әлемдік рейтингте 163-орын алатын ҚазҰУ биыл 7 мыңнан астам жасқа өз есігін ашты. Оның ішінде бакалавриатқа – 5974, магистратураға – 771, докторантураға – 483 студент түсті. Сондай-ақ әлемнің 39 мемлекетінен келген 2 мыңға жуық шетелдік студент білім ордасына қабылданды.

Дәстүрлі түрде өтетін кешке мемлекет және қоғам қайраткерлері, биыл Парижде өткен жазғы олимпиада және паралимпиада ойындарында бақ сынасқан спортшылар: Ғұсман Қырғызбаев, Жұмағали Нұрдәулет, Арина Алтухова, Азамат Дәулетбеков, Константин Малиновский және Ерғали Әлішер қатысты. Сондай-ақ БАҚ өкілдері, қазақ эстрадасының жұлдыздары, блогерлер, кәсіпкерлер, оқу ордасы-

ның оқытушы-профессорлар құрамы мен жастар жиналды.

Салтанатты жиынды Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашып, бірінші курс білімгерлерін жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Өз сөзінде ректор Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына жолдауын негізге ала отырып, ҚазҰУ студенттері заң мен тәртіпті қатаң сақтауы қажет екенін баса айтты. Сондай-ақ жоғары білім мен ғылымды игеріп, білікті маман болуларына тілектестік білдірді.

«Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жолдауында «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру қажет» деп айрықша атап өтті. Ғұлама әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген даналығы – біздің басты ұстанымымыз. Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген қағидасын үнемі естен шығармауымыз керек. Өйткені ел болашағы – тәрбиелі, білімге ұмтылған

жастардың қолында. Президент айтқандай, «Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек», – деді ЖОО басшысы.

Сондай-ақ ректор биыл еліміздің көшбасшы жоғары оқу орнының құрылғанына 90 жыл толып отырғанын жеткізді. Бүгінгі бірінші курс білімгерлерін студенттер қатарына қабылдау кеші осы айтулы датамен тұспа-тұс келіп тұрғанын айтты. Сөз соңында Жансейіт Түймебаев студенттердің игілігі үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолдауымен ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңі басталғанына тоқталды.

«Университеттің 90 жылдығына орай, оқу корпустары мен жатақхана құрылысы басталды. «Farabi HUB», суперкомпьютер, робототехника орталығы ашылуға дайын. Биыл 1986 жылы салынған 3000 орындық стадион күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді.

Жалғасы 8-бетте

4-бет

**Тиімді салық
салу тетіктері
қажет**



5-бет

**АЭС –
экономиканы
дамыту кілті**



6-бет

**Академик
Асылбековтің
ғылыми мұрасы**





Нежметтин Эрбакан университетімен келісім жасалды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Нежметтин Эрбакан университетінің ректоры Джем Зорлумен кездесу өткізді.


Өңгімелесу барысында тараптар ғылым және жоғары білім саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективаларын талқылады.

Жансейіт Түймебаев құрметті мейманға ілтипат білдіре отырып, ҚазҰУ-мен серіктестікті нығайтуға ниет білдіргені үшін алғысын білдірді. Ректор өз сөзінде Түркияның ЖОО-ларымен тығыз байланыс орнағанын атап өтіп, Нежметтин Эрба-



қонақ жоғары оқу орны интернационалдандыру процесін табысты жүзеге асыруға, осы бағытта тұрақты және жүзеге асырылатын стратегияларды әзірлеуге үлкен мән беретінін атап өтті.

«Нежметтин Эрбакан универ-



кан университетімен серіктестікті одан әрі нығайтудың маңыздылығына тоқталды.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бүгінгі таңда Түркияның 46 университеті және ұйымдарымен тығыз ынтымақтастықта. 2023-2024 оқу жылында ҚазҰУ-дың 17 оқытушы-профессорлар құрамы, 99 докторант, 47 магистрант және 18 бакалавриат студенттері біліктілігін арттыру және тәжірибе алмасу үшін Түркия университеттерінде болды. Қазіргі уақытта оқу ордасында 61 түрік студентті білім алуда. Бұл университеттің білім беру бағдарламаларына деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Нежметтин Эрбакан университетінің ректоры Джем Зорлу одан әрі жемісті серіктестік тараптар үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынына сенім білдірді. Құрметті

ситеті құрылғаннан бері қысқа уақыт ішінде халықаралық әлеуетін көтеріп, 2019 жылы сыртқы байланыстарды үйлестіре бастады. Біз академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша студенттер мен оқытушылар алмасу, соның ішінде Эразмус+, Мевлана және Фараби арқылы халықаралық платформаға біріктіруге тырысамыз. Біз шетелдік студенттерге жеңілдіктерді 100%-ға арттырдық. Нәтижесінде жыл сайын түрлі елден 2000-ға жуық студент қабылдаймыз. 2014-2020 жылдар аралығында 500-ден астам студент пен 100 қызметкер Эразмус+ алмасу бағдарламаларын пайдаланды», – деді Джем Зорлу.

Кездесу соңында екі университет ректоры өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Халықаралық араб тілі академиясымен ынтымақтастық

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Король Салман атындағы Халықаралық араб тілі академиясы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.



ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов қонақтарға ҚазҰУ мен Сауд Арабиясының жоғары оқу орындары және институттары арасында атқарылып жатқан жұмыстар мен ғылыми-зерттеу серіктестігі туралы баяндады.

ҚазҰУ Король Фейсал атындағы зерттеу және исламтану орталығымен қарым-қатынас орнатқан. Өт-

кен оқу жылында ҚазҰУ оқытушылары біліктілігін арттыруға, ғылыми-зерттеу тағылымдамасынан өтуге және тәжірибе алмасу үшін Сауд Арабиясының университеттеріне барып қайтты. Қазіргі уақытта ҚазҰУ-да Сауд Арабиясынан үш студент оқиды. ЖОО-да шығыстану факультетінде Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы жанында ара-

бистика бөлімшесі жұмыс істейді. Сондай-ақ 2021 жылдан бастап Катар, БАӘ және Сауд Арабиясы ұйымдарымен ынтымақтасатын Арабистика орталығы табысты жұмыс істейді. Е.Дүйсенов сонымен қатар университеттің ISESCO, Дүниежүзілік ислам жастары қауымдастығы, Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ИЫҰ) және басқа ұйымдармен атқарып жатқан жұмыстары туралы хабардар етті.

Өз кезегінде академияның бас хатшысы Абдулла бин Салех әл-Уашми ұйымның жұмысы туралы айтып, ынтымақтастық бағыттары туралы өз пікірімен бөлісті.

Гүл БАЯНДИНА



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің механика-математика факультетінде ҚазҰУ мен Солтүстік-батыс политехникалық университетінің бірлескен халықаралық ғылыми-зерттеу форумы өтті.

ҚазҰУ-дың 90 жылдығы аясында ұйымдастырылған форумның мақсаты ғылым мен технология саласындағы заманауи мәселелерді талқылау мен оның шешімдерін әзірлеуде озық білім алмасу алаңын құруға бағытталған.

Халықаралық жиынды ашқан ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Жәмила Айтжанова: «Елімізде Солтүстік-батыс политехникалық университеті филиалының ашылуы Мемлекет басшысының 2024 жылы 2 қыркүйектегі жолдауында айтылған страте-

СБПУ-мен бірлескен форум өтті



гиясына сәйкес келетін ғылым және білім саласындағы ынтымақтастықты нығайтудың маңызды қадамы. Осы ретте форум тәжірибе, білім алмасу, жаһандық мәселелерді шешуге ықпал ететін және ғылыми жобаларды құрудың бірегей мүмкіндігі болмақ», – деді проректор.

Өз кезегінде сөз алған Солтүстік-батыс политех-

никалық университетінің Инженерия және материалтану ғылыми мектебінің деканы Фу Цянган: «ҚазҰУ-дың 90 жылдығына орай ұйымдастырылған шараға қатысу мен үшін үлкен мәртебе. Бұл менің ҚазҰУ-ға жасаған алғашқы сапарым. Университет тарихы мен ғылыми ортасы мені таңғалдыруда және келешектегі филиал қызметінің дамуына сенім мол», – деді декан.

Жүзден астам жаңа технология, инновация саласының ғалымдары мен сарапшыларының басын қосқан форумға Солтүстік-батыс политехникалық университетінің өкілі, Ресей, Өзбекстан, Әзірбайжан елдерінің ғалымдары мен студенттер қатысты.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Мәртебелі мамандық иелері

1 қазан – ҚР жоғары білім қызметкерлері күні. Еліміздің жоғары оқу орындарында мыңдаған маман маңдай терін төгіп жүр. Олар мемлекетке білікті маман даярлауда аянбай еңбек етуде. Осыған орай, «Qazaq universiteti» газеті ҚазҰУ-да ұзақ жылдан бері жастарға білім беріп келе жатқан бір топ ұстаз-ғалымдарымызға сөз кезегін беруді жөн санады.

Нұрсұлу ШАЙМЕРДЕНОВА, филология ғылымының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының директоры:

Аяулы ұстаздарымның ісін жалғастырып келемін

Мен орта мектепті бітіргеннен кейін С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетіне оқуға түсіп, оны «орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығы бойынша 1981 жылы аяқтадым. Alma-mater-дегі білім алған жылдарым менің өмірдегі ең негізгі қызығушылығым – ғылымға қызмет ету екенін анықтап берді. Әу баста өмірімнің қара шаңырақ ҚазҰУ-мен қатар өрілгеніне ризамын. Осы жылдары ұстаз бен ғалымның биік парызын адал орындаған Х.Х.Махмудов, Х.М.Сайкиев, Т.М.Мадзигон, М.В.Мадзигон, Э.Д.Сүлейменова, Н.И.Гайнуллина, Р.С.Зуева, Б.М.Жылқыбаев, М.М.Бағызбаева, Г.И.Морозова, Н.Р.Скалон, Ж.Ж.Бектұров, В.П.Барчунов, Г.В.Ким, В.М.Никитевич, С.М.Сагалович, В.Ф.Железнов секілді және т.б. дарынды педагогтар мен көрнекті ғалымдардың дәрісін тыңдау бақытына ие болғанымды қуанышпен айтып жүремін.

Өзім филолог дипломын қолға алып, маңызды зерттеу жұмыстарының дағды, машы-



ғын меңгеріп, университет қабырғасынан аттанған сәтім ешқашан есімнен шыққан емес. Жас маман ретінде Шымкент қаласындағы педагогикалық институтқа жолдама алғаным да көңілден өше қойған жоқ.

Аспирантураны бітіргеннен кейін мен филология ғылымының кандидаты ретінде ұзақ жылдар бойы аға оқытушыдан профессорға дейінгі еңбек жолымды Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жалпы тіл білімі кафедрасына арнадым.

1998 жылы докторлық диссертациямды қорғадым. Өз

жұмысыма шығармашылықпен қарау әрі білікті ғылыми жетекші бола білу еліміздің көптеген білім беру ұйымдары және мемлекеттік мекемелерінде еңбек ететін дарынды, жас ғалымдарды тәрбиелеуге мүмкіндік берді (Алматы, Астана, Қарағанды, Көкшетау, Өскемен, Шымкент және т.б.). Тоғыз филология ғылымының докторы мен 27 кандидатты, сондай-ақ 12 магистр дайындадым. Осының бәрі менің оқып білім алған қара шаңырақ ҚазҰУ-ымның гүлденіп көркеюіне қосқан кішкентай ғана үлесім екенін қуанышпен жеткізім келеді.

Қазіргі таңда профессор ретінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да белсенді жұмыс істеп жүрмін. Аяулы ұстаздарымның ісін жалғастырып, мәскеулік академиялық мектептің ең үлгілі дәстүрінде қызықты дәріс оқитынымды айналамдағылар құрмет тұтады, жастарға идея берушімін, жобаларға қатысып, шығармашылықпен айналысамын. Осындай үлкен мүмкіндік берген университетіме алғыстан басқа айтарым жоқ.



Елемес ӘЛИМХАНОВ, педагогика ғылымының докторы, профессор:

ҚазҰУ-да еңбек ету – үлкен абырой

Мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Дене тәрбиесі және спорт кафедрасының профессоры, педагогика ғылымының докторы, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушысымын. ҚР білім беру ісінің құрметті қайраткері, «ҚР жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, ҚР құрметті спорт қайраткерімін.

Ұстаздық жолымда бір монография, сегіз оқу құралы, бір оқулық жаздым. Екі ҚР патенті, үш авторлық құқық иегерімін. 100-ден астам ғылыми-әдістемелік мақаланың, қазақ күресі балуанына арналған киімнің авторымын. Менің ғылыми жетекшілігіммен төрт ғылым кандидаты, бір PhD докторы, 30-дан астам магистрант дайындалды.

ҚазҰУ-да еңбек ету – үлкен абырой және зор мақтаныш. Бүгінде Бүкіләлемдік (WEC) этносport конфедерациясы (Түркия) ғылыми диссертациялық комитетінің, Халықаралық мамандандырылған дене тәрбиесі және спорт бойынша диссертациялық кеңесінің мүшесімін. Республикалық қазақ күресі федерациясының ғылыми әдістемелік кеңесі жетекшісі, Халықаралық ұлттық ойындар және этносport түрлері бойынша ғылыми-зерттеу институтының КТУ «Манас» (Қырғызстан) мүшесімін.

Самбо және қазақ күресінен Әлем, Азия, халықаралық жарыстардың, республикалық чемпионаттар мен турнирлердің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындаған жаттықтырушымын.

Мен жұмыс істеп келе жатқан Дене тәрбиесі және спорт кафедрасы да өткен 90 жыл аралығында өзіндік даму жолын қалыптастырып, универ-



ситеттің өркендеуіне үлесін қосып келе жатқан ұжымға айналды. Кафедра білім алушы студенттердің денсаулығын дене тәрбиесі және спорт арқылы жетілдіруді іске асыра отырып, сол арқылы болашақ мамандардың оқуы мен болашақ жұмысын сапалы орындай алатындай мүмкіндігінің артуына ықпал етуді іске асыру болып саналады. Соның жақсы көрінісі ретінде университеттегі дене тәрбиесі сабақтарына және спорт жаттығуларына, спорттық шараларға белсенді қатысу университеттегі қалыпта жағдай.

Дене тәрбиесі және спорт кафедрасы дайындаған студенттер Қазақстанның жазғы және қысы универсиадаларында бірінші орыннан көрінсе, спортшылары олимпиадалық ойындардың, әлемдік чемпионаттардың, халықаралық универсиадалардың, құрлықтық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері ретінде елімізде кеңінен танымал команда болды.

Осындай іргелі оқу орнымен тағдырым бірге өріліп келе жатқанына өзімді бақытты санаймын әрі жас ұрпақты білімге баулу арқылы еліміздің дамуына қосып жүрген еңбегімді мақтан етемін.



Айнұр ТАНЫБАЕВА, география және табиғатты пайдалану факультетінің аға оқытушысы:

Алғыс айтып жүремін

Менің бар өмірім ҚазҰУ-мен бірге біте қайнасып келе жатқанына өте ризамын. 1991 жылы биология факультетіне оқуға түстім. Кейін химия факультетінің магистратурасына түсіп, «Химия» мамандығы бойынша үздік бітіріп шықтым. 2010 жылы «Коллоидты химия және физика-химиялық механика» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғап, химия ғылымының кандидаты болдым.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті атанып, қадам жасағалы 34 жыл болыпты. Осы жылдар аралығында кіші ғылыми қызметкер, кафедра маманы, география және табиғатты пайдалану факультетінің Энергоэкология кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, кафедраның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары, география және табиғатты пайдалану факультетінде қашықтықтан білім беру технологияларының координато-



ры қызметін және 2021-24 жылдар аралығында деканның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқардым.

2018 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері атандым.

Бүгінде біздің университет елдегі бірден-бір мықты, көшбасшы оқу ордасына айналды. Жастарға дәйекті білім беріп, тәрбиелеп, өмірлік жолға салған қара шаңырақ еліміздегі еңселі де беделді оқу орны

екенін зор мақтанышпен айтамыз. Тоқсан жылдық тарихы бар білім ордасы осы жылдар ішінде 200 мыңнан аса жоғары білікті маман даярлап, білім беру саласында орасан зор тәжірибе жинақтады. Өте танымал университет ретінде қалыптасу жолында күрделі және үлкен белестерден өтті. Түлектеріміз тек Қазақстан аймағында ғана емес, сонымен қатар таяу және алыс шетелдерде де қызмет атқарып жүр. Бұл біз тәрбиелеп, білім беріп шығарған жастардың жоғары білікті, кәсіби маман екенінің айғағы. Біз, ұстаздар, талай жылғы адал еңбегіміздің зая кетпегеніне разымыз. Шәкірттеріміз бізден озып жатса, нұр үстіне нұр.

Еліміздің көшбасшы университетінен алған білімім үшін үнемі алғыс айтып жүремін. Өмірден өз орнымды таба білуге жол көрсеткен ұстаздарыма да құрметтен шексіз. Киелі шаңырағымыздың мәртебесі биіктей берсін деген тілек айтып келеді.

АЭС – экономиканы дамыту кілті

Болашақтың қамы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында халықтың әл-ауқатын жақсартуға баса назар аударды.

Жолдаудағы ең басты мәселелердің бірі – атом электр станциясын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдумды 6 қазанда өткізуді ұсынуы.

Семей полигонының орасан зор зардабын тартқан біздің ел үшін «атом» сөзінің өзі үрей тудыратыны рас. Бірақ Президенттің «...экономикамыз күн өткен сайын мол энергияны қамтамасыз ете алады. Қазір дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық атом электр станциясы жұмыс істеп тұр» деген нақтылы дәйектерінен кейін өзімізден өндірілетін уран шикізатын пайдаланып, арзан энергия көзін өндіру тиімді екеніне көз жеткізуге болады. Тек оның қауіпсіз болуы үшін бұл салада биік мақсаттарға қол жеткізген АҚШ, Жапония сияқты елдердің мамандарын тарту арқылы АЭС салынып жатса, бұл болашақтың қамын жеуден туған



перспективалық озық іс болар еді.

Мемлекет басшысының нақты шешімін табатын ақшанесие саясаты, бизнесті жүргізуге қажетті жағдайларды жақсартуға, еліміздің өнеркәсіп саласын толық пайдалануға қатысты, кадрлық әлеуетті арттыруға, ұлт саулығын нығайтуға, экологиялық ахуалды жақсартуға, заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыруға орай айтылған ойларының бәрін де қуаттаймын. Осының бәрі тек сөз жүзінде қалып қоймай, жүзеге асып жатса, еліміз өркендей беретініне сенім мол.

Бауыржан ЖАҚЫП,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі



Таңдау жасайтын күн

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» деп аталған жолдауы аясында тарих факультетінің 1-курс студенттерімен «Әділетті Қазақстан құру жолында жастардың міндеті қандай?» деген тақырыпта талқылау сабағын өткіздім.

Бір атап өтерлігі, биыл 1-курс студенттері алғаш рет университет қабырғасында ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаевпен бірге Президент жолдауын тыңдады. Бұл өз кезегінде студенттерге ерекше әсер етіп, олардың қоғамдағы жауапкершілігін тереңірек сезінуге мүмкіндік берді. Жолдауда Президент ел экономикасын, халықтың әлеуметтік ахуалын көтеру, инфрақұрылымды жетілдіру, кадр тапшылығын азайту және т.б. өзекті мәселелерді қозғады.

Бұдан өзге, ел азаматтарының алдында атом электр станциясына қатысты таңдау қоғам болып референдумға қатысамыз. АЭС заман талабына сай еліміздің әлеуетін көтеретін болса, арзан қуатпен



қамтамасыз ететін болса, халық дұрыс таңдау жасайтынына сенеміз.

Талқы кезінде студенттер жолдауда айтылған ел басқару жүйесі, әділетті Қазақстанның келешегі мен білім саласына қатысты тың ой-ұсыныстарын ортаға салды. Олар жолдауды талқылау сабағынан қажетті ақпарат алып, алға қарай маңызды құжаттағы бағыттарды дамытуда белсенділік таныта-тындарын жеткізді.

Жұлдыз БЕКБАУОВА,
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы



АЭС құрылысы кәсіби жүргізіледі деп үміттенеміз

Қазақстан Үкіметі ұсынып отырған АЭС салу жобасы талқыланды, талқылануда және талқыланатын болады. АЭС құрылысы экономиканы дамыту және адамдардың өмірі үшін қажетті елдегі электр энергиясының тапшылығын жеңуге мүмкіндік береді. Әрине, кез келген үлкен жобалар сияқты мұның да оң және теріс жақтары бар.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің Шетелдіктерді тілдік және жалпы білім беру даярлау кафедрасының оқытушылары елдегі барлық оқиғаларды мұқият қадағалап отырады. Жақында кафедрада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы



Тоқаевтың халыққа жолдауын талқылап, қолдады. Адамдардың өмірін жақсарту Президент пен Үкімет қызметінің басым бағыты болып табылады.

Атом электр станциялары бүкіл әлемде қолданылады.

Бүгінде ғалымдарымыз осындай объектілермен байланысты барлық тәуекелдерді ескеріп отыр. Қазіргі уақытта атом энергетикасы жаңа технологияларды қолдана отырып белсенді дамып келеді. Кафедра ұжымы жаңа жобаны мақұлдайды. Әрине, мұндай нысанның құрылысына мамандар үлкен құзыреттілік пен жауапкершілікпен қарауы керек. Біз барлығымыз сүйікті Қазақстанның өркендеуін тілейміз және атом электр станциясының құрылысы кәсіби және тиімді жүргізіледі деп үміттенеміз.

Елена ИГНАТОВА,
жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің доценті

Басты мақсат – саналы ұрпақ тәрбиелеу

Әлем елдерімен терезесі тең мемлекет атану, елінің тұрмысы бай, саналы, сауатты ұрпақтары ертеңіне сеніммен қарайтын ел болу мәселесі бүгінгі күні ұлт алдындағы өзекті міндет екенін уақыт көрсетіп отыр. Ел ішіндегі тұрақтылық пен тұтастықтың кепілі – ұлттық бірлік пен қоғамдық келісім. Осы ретте Президентіміз Қ.Тоқаев: «Халқымыз қашанда кең пейілімен, толеранттылығымен ерекшеленген. Еліміздің басты құндылығы – бірлік пен келісім, ең алдымен, осы қасиеттердің арқасында сақталып отыр. Қазақстанда тіліне, дініне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына және басқа да себептерге байланысты ешкімге ешқандай қысым жасалмайды, жасалуы да мүмкін емес. Әрине, мұндай жайттар ара-тұра кездеседі. Бірақ бұл көбіне жекелеген адамдардың сауатсыздығы мен жауапсыздығынан болып жатады...» – деді жолдауда. Ал осы құндылықтар тәуелсіздікті сақтап, елдігімізді нығайтудағы басты мақсат екені айқын.

Алға қарайтын кез келді. Ұлыбританияның экс-премьері Тони Блэрдің парламентте тұрып: «Ұлыбританияның бай тарихы бар. Бірақ біз музейде өмір сүрмейміз ғой», – дегені бар еді. Сол айтқандай, зиялы қауым өкілдерінің, білімді қоғам мүшелерінің, аузы дуалы қайраткер адамдардан шығатын сөз де дұрыс болып, ұрпақ



тәрбиесіне бағытталуы керек. Яғни болашақты ойлауымыз керек екенін меңзейді. «Ылғи да кейін қайырылып, өткенмен өмір сүруге, бұрынғы жүйеден немесе саяси тұлғалардан кінә іздей беруге болмайды. Өз халқыңның тарихын білу керек, бірақ одан тек еңсегі түсіріп, өзгеге өкпе артуға себеп іздемеу қажет. Қандай қасиетті болса да, өткен оқиғалардан, ең алдымен, тағылым ала білген жөн. Біз келешекке сеніммен көз тігіп, еліміздің өсіп-өркендеуі мән-мамуын ойлауымыз қажет. Мен бұл туралы үнемі айтып келемін», – деген жолдаудағы пікір шындықты айтып тұр.

Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарды насихаттауға күш салудың қажеттілігі артып отыр, өйткені жаһандану процестері елімізге тереңдеп енген сайын демократияны бетперде еткен, «көрінбейтін»

қауіптер төне бастады. Соның бірі – батыстық мәдени экспансия. Мұның қауіпті тұсы мынада: дәстүрлі сыртқы ынтымақтас елдер арасындағы еліміздің имиджіне нұқсан келтіру, елдегі ұлттық дәстүрлерді ұстанатын халықтың өдейі ыза-сын келтіру және осы арқылы арандату сияқты мақсаттар үшін істелініп жатқан әрекеттер жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге кері әсерін тигізеді.

Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді».

Ақпарат ғасырында бұқаралық ақпарат құралдарының даму қарқыны жаңа сатыға көтерілді. Сондықтан қазақ бұқаралық ақпарат құралдарының сан алуан функциясын, қоғамдағы рөлін, теориясы мен тәжірибесін жаңа қарқынмен, бағытпен дамыта түсу қажеттілігі туындап отыр. Осы ретте журналистік кадрлар даярлау жолында еңбек етіп жүрген педагогтардың да мақсат-мүддесіне, жауапкершілігіне деген талап та арта береді.

Клара КАБЫЛҒАЗИНА,
ҚазҰУ профессоры

Наш профессор награжден премией ЮНЕСКО

Недавно учрежденной международной премией и медалью «Олжас Сулейменов» Международного фонда культуры при ЮНЕСКО, за поддержки усилий ЮНЕСКО по строительству обществ знаний награжден известный публицист, президент Академии журналистики Казахстана, доктор исторических наук, профессор Сагымбай Кабашевич Козыбаев.



Профессор Козыбаев С.К. – один из основоположников казахстанской научной журналистики, известный писатель, ученый и заслуженный педагог в области журналистики, Учитель тысячи работников СМИ многих поколений. В этом году университету 90 лет, а Сагымбай Кабашевич провел в его стенах более полувека. Имеет звания академика Академии политических наук Казахстана, академика Евразийской международной экономической академии, президента Академии журналистики Казахстана. Сагымбай Кабашевич на протяжении многих лет плодотворно сотрудничал с Олжасом Сулейменовым в рамках их совместной работы по сближению культур под эгидой ЮНЕСКО. Их совместные усилия привели к значительным достижениям в области культурного обмена и взаимопонимания между народами, что оказало неоценимое влияние на развитие международных

отношений и укрепление глобальной культурного наследия.

У легендарного поэта, народного писателя Казахстана, казахского общественного деятеля, дипломата и директора Центра сближения культур под эгидой ЮНЕСКО Олжаса Сулейменова с учеными КазНУ очень тесные связи. В университете работает научный центр имени Олжаса Сулейменова, также в 2021 году на кафедре картографии и геоинформатики, факультета географии и природопользования КазНУ в рамках 30-летия Независимости РК состоялось открытие учебной аудитории, посвященной 85-летию выдающегося поэта, общественного деятеля Сулейменова Олжаса Омаровича.

Поздравляем профессора Сагымбая Козыбаева с почетной международной наградой!

Каиржан
ТУРЕЖАНОВ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби стал лидером мировых рейтингов научного цитирования, особенно в области научных исследований. Это престижное достижение подчеркивает выдающийся вклад университета в мировую науку, так как его ученые стабильно публикуют исследования, которые часто цитируются в различных дисциплинах.

В недавнем анализе, проведенном НАН РК, был составлен список наиболее цитируемых авторов в базе данных Web of Science. Анализ охватывал пятилетний период с 2019 по 2023 годы и сосредоточился на статьях с казахстанской аффилиацией. Примечательно, что среди ведущих авторов оказались ученые факультета востоковедения кафедры Тюркской КазНУ имени Аль-Фараби, такие как профессор Зубайда Шадкам и ассоциированный профессор (доцент) Мирзахан Эгамбердиев, что подчеркивает важную роль университета в академическом мире. Исследование разделило ученых на шесть крупных научных направлений и ранжировало их по среднему количеству цитирований на автора. В случае, когда несколько авторов участвовали в написании одной статьи, цитирования распределялись справедливо между ними.

Например, если статья, написанная 100 исследовате-

КазНУ возглавляет мировые рейтинги научного цитирования



лами, получила 1000 цитирований, каждому автору засчитывалось по 10 цитирований. Доминирующая позиция КазНУ в этих рейтингах свидетельствует о мощных исследовательских программах университета, поддерживаемых передовыми лабораториями и приверженностью научному прогрессу. Кафедра тюркских исследований, наряду с другими, сыграла ключевую роль в достижении этого успеха. Одной из уникальных особенностей этого анализа цитирований является использование системы InCites – инструмента для научной аналитики, который учитывает только статьи с проверенной казахстанской аффилиацией. Это еще раз подтверждает, что

КазНУ занимает одно из ведущих мест среди исследовательских учреждений как в Казахстане, так и на мировом уровне. Высокие показатели цитируемости не только отражают качество и значимость исследований, проводимых учеными КазНУ, но и усиливают международную репутацию университета. Этот рейтинг подчеркивает важную роль казахстанской науки в мировом научном сообществе и демонстрирует, что КазНУ продолжает влиять на будущее исследований и образования в глобальном масштабе.

Эльнара ДУЛАЕВА,
Агнур ХАЛЕЛ,
преподаватели кафедры
Тюркской КазНУ

Магистрант прошел стажировку в Шанхае

Магистрант 2-го курса кафедры китаеведения Оразбаев Султан с 23 февраля по 21 июня 2024 года прошел пятимесячную стажировку по программе «Shanghe Youth Advanced Trainee Program» в Шанхайском университете политических наук и права в КНР.



Как рассказал Султан, в этот раз по данной программе обучались 24 участников из стран-членов ШОС. Программа проводилась на английском и русском языках и была направлена на подготовку талантливой молодежи в области политических и правовых наук. В рамках программы преподавались дисциплины, связанные с культурой Китая, китайского языка, мировой политики и др. различными направлениями сотрудничества между странами-членами ШОС.

Во время стажировки Султан Оразбаев вместе с другими участниками программы посетил здания и ознакомились с работой Народного собрания

представителей Шанхая, суда в районе Сунцзян, а также других государственных учреждений.

«Благодаря программе "Shanghe Youth Advanced Trainee Program", организованного Шанхайским университетом политических наук и права, я получил самые прекрасные и незабываемые впечатления. Я уверен, что в будущем этот багаж знаний и опыта поможет моему личностному росту, а также поможет мне способствовать развитию связей между Казахстаном и Китаем», - отметил магистрант.

Фатимабиби ДАУЛЕТ,
к.филол.н., доцент кафедры
китаеведения

Моя летняя стажировка

В начале июля 2024 года мне, ученице 11 класса, выпала удачная возможность – шанс поработать в лаборатории ChemMedLab факультета химии и химической технологии Казахского национального университета им. Аль-Фараби.

При подборе специальностей своей будущей профессии я столкнулась с выбором между химией, биологией и фармацевтикой. Мне одинаково нравились все три направления, но хотелось познакомиться поближе с каждой из них, чтобы не ошибиться в выборе. Я много слышала и читала про специальности КазНУ им. Аль-Фараби и поэтому остановила свой выбор на факультете химии и химической технологии и предпочтение отдала лаборатории ChemMedLab.

Об этой лаборатории я узнала от студентов и мне захотелось попробовать свои силы и знания, которые получили в школе на практике. Кроме того, исследования, проводимые в этой лаборатории, были связаны с химией, медициной и фармацевтикой. Обратилась с просьбой о стажировке и руководство факультета и кафедры физической химии, катализа и нефтехимии дали мне



такую возможность. Была закреплена за опытными научными сотрудниками и работала со студентами этого факультета. Основные направления лаборатории – это установление условий получения лекарственных средств на основе казахстанского сырья. Группа занималась разработкой условий получения эффективных лекарственных средств, обладающих кровоостанавливающими свойствами на основе глинистых минералов.

Для получения таких медицинских средств команда ChemMedLab использовали Казахстанский каолин и хитозан, которые каждый в отдельности обладали гемостатическим свойством. При выполнении проекта я смогла

прочувствовать насколько интересной и большой спектр работы у ученых-исследователей. Предварительно надо было познакомиться со свойствами каждого вещества, расписать механизм взаимодействия и методику получения средства. Мне доверили получить растворы хитозана, каолина, кальция, проверить их pH и подготовить их смеси различных концентраций. В процессе выполнения этих заданий я научилась работать с такими приборами как pH метр, биоинкубатор, центрифуга и ультразвуковая ванна. Мне особенно понравилось рассчитывать концентрации веществ в растворе, составлять графики и схемы взаимодействия соединений. Я очень благодарна научным сотрудникам лаборатории и студентам за повседневную помощь при выполнении задач научного направления и руководству факультета и университета за предоставленную возможность стажировки. Этот опыт будет ценным вкладом при выборе своей специальности и начальным этапом для построения своего будущего. Теперь я точно знаю кем хочу быть!

Амира ОСПАНОВА,
ученица 12 класса
школы BIS
г. Бишкек, Кыргызстан

Салтанатты түрде студенттер қатарына қабылданды

Соңы. Басы 1-бетте

Жаңа стадион Орталық Азиядағы Топ-1 талабына сәйкес, халықаралық стандарттармен қайта жасалды. Өмірбек Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы да күрделі жөндеуден өтуде. Осы игіліктердің барлығы жастардың сапалы білім алып, білікті маман болып қалыптасуына бағытталған», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Кейін университет басшысы 1-курс студенттеріне «Білім кілтін» табыстады.

Іс-шараға арнайы қатысқан Париж олимпиадасының қола жүлдегері Ғұсман Қырғызбаев сөз сөйлеп, оқу ордасының 90 жылдығымен құттықтады.

«Кешбасшы жоғары оқу орнының 90 жылдығы құтты болсын! Олимпиадада қол жеткізген қола медалімді университеттің 90 жылдығына арнаймын. Білім ордасына жаңадан түсіп жатқан барша бірінші курс білімгерлерін құттықтаймын!» – деді Ғұсман Қырғызбаев.

Салтанатты кеш концерттік бағдарламамен жалғасты. Шара соңында қатысушылар арнайы дайындалған отшашуды тамашалады.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Фотоларды түсірген **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: **64787**

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.